

**ҚРҰБ Төлем балансы департаментінің директоры  
Азат Өскенбаевтың төлем балансының ағымдағы шоты  
туралы түсіндірмесі**

Қазақстан Республикасының төлем балансын алдын ала бағалауға сәйкес ағымдағы шоттың тапшылығы 2020 жылғы 3-тоқсанның қорытындысы бойынша (–) 5,5 млрд АҚШ долларын құрады. Нәтижесінде 2020 жылғы 9 айдағы ағымдағы шот теріс аймаққа ауысты. Егер жылдың бірінші жартысында ағымдағы шот оң болса (1,7 млрд АҚШ доллары), 2020 жылғы 9 айда тапшылық (–)3,8 млрд АҚШ доллары көрсеткішіне жетті.

3-тоқсандағы ахуал нашарлауының негізгі себебі тауарлар экспортының төмендеуі болып табылады. Халықаралық сауданың ресми деректері бойынша, тауарлар экспорты өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 35,4%-ға – 9,3 млрд АҚШ долларына дейін қысқарды. Қысқару 2020 жылғы 2-тоқсанда мұнайдың әлемдік бағасының төмендеуіне байланысты болды, бұл 3-тоқсандағы халықаралық сауда статистикасында көрініс тапты.

Бұл ретте сол кезеңде тауарлар импорты 4,2%-ға 11 млрд АҚШ долларына дейін төмендеді. Импорттың қысқаруы негізінен ірі инвестициялық жобалардың аяқталу сатысына көшуіне байланысты инвестициялық және аралық тауарларды әкелудің азаюымен қамтамасыз етілді.

Пандемияның таралуы, әлемдік экономикалық белсенділіктің баяулауы, сұраныстың қысқаруы және Қазақстанның негізгі экспорттық позицияларына төмен бағалар 3-тоқсанда импорт көлемінің тауарлар экспортының көлемінен асып кетуіне алып келді, бұл өз кезегінде тапшы сауда балансына алып келді. Статистика жөніндегі ұлттық бюроның деректеріне сәйкес, тоқсандық тапшылық Қазақстан тарихында екінші рет және 1995 жылдан бері алғаш рет болып отыр. Ұлттық Банк қолданатын төлем балансының әдіснамасы бойынша – 1999 жылдан бастап алғаш рет.

Сауда балансымен қатар, ағымдағы шоттың серпіні шетелдік инвесторларға төленетін кірістерді де айқындайды. Мұнай-газ секторындағы кірістердің төмендеуіне байланысты тікелей шетелдік инвесторлардың дивидендтері мен қайта инвестицияланған пайда 9 айда 43%-ға төмендеп, 6,9 млрд АҚШ долларын құрады.

Шетелдік инвесторлардың кірісінің төмендеуі тапшы сауда балансының теріс әсерін ішінара реттейді. Алайда, абсолюттік көрсету бойынша экспорттың өте төмендеуі ағымдағы шоттың осындай теріс аймаққа күрт өтуіне себепші болды.

2020 жылдың қорытындысы бойынша ағымдағы шот бойынша Ұлттық Банктің болжамы (–)4,2 млрд АҚШ доллары деңгейінде қалыптасты. Алайда, 3-тоқсандағы статистика, пандемияның екінші толқыны, Еуропада жаңа карантин шараларының енгізілуі және әлемдік экономиканың қалпына келуіне қатысты белгісіздік ахуалдың одан әрі

нашарлауын көрсетеді. Ұлттық Банктің болжамдары «қараша-желтоқсан» болжамдық кезеңі шеңберінде жаңартылатын болады.